

**"Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 12 шілдедегі N 623" "Алматы қаласында кейбір қызмет түрлерін лицензиялау туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімінің шешімі 2000 жылғы 2 наурыздағы N 216. Алматы қалалық әділет басқармасында 2000 жылғы 6 сәуірде N 113 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2001 жылғы 11 шілдеде № 1/72 қаулысымен.

**Ескерту: Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2001.07.11. N 1/72 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсанындағы "Лицензиялау туралы" Заңына толықтырулар енгізу туралы" Заңына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдесіндегі "Алматы қаласының айырықша мәртебесі туралы" Заңына сәйкес, Алматы қаласының Әкімі

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 12 шілдедегі N 623 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1 тармақ келесі жолмен толықтырылсын: -"саяхатшы қызметі";
- N 1 Қосымша мына мазмұндағы 9 тармақпен толықтырылсын:

"9. Алматы қаласының Саяхат департаментінің жанындағы сарапшы комиссиясы - саяхатшы қызметін қорытындылайды."

Алматы қаласының Әкімі

В.Храпунов